

Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 116 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 13 маусымда № 3-4-173 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Байғанин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Байғанин ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Байғанин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 272 "Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4658 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде электрондық түрде жарияланған);

2) Байғанин аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 3 мамырдағы № 87 "Байғанин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 272 "Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5495 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 мамырда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған).

3. "Байғанин аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Боранбайға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байғанин ауданының әкімі

А. Шериязданов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Ақтөбе облысының жолаушылар
көлігіжәне автомобиль жолдары
басқармасы" ММ басшысы*

А. Османғалиев

17 мамыр 2018 жыл

Байғанин ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 21 мамырдағы № 116
қаулысына қосымша

Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 26.10.2021 № 246 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, километр
1	KD-BA-37	Қарауылкелді-Жарқамыс	102,480
2	KD-BA-38	Қарауылкелді-Жарқамыс -Алтай батыр-Миялы- Оймауыт	171,255
3	KD-BA-39	Кемерши ауылына кіре беріс	56,000
4	KD-BA-40	Ебейті ауылына кіре беріс	43,690
5	KD-BA-41	Ноғайты ауылына кіре беріс	1,400
6	KD-BA-42	Көкбұлақ ауылына кіре беріс	18,000
Барлығы			392,825